

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы" Республикалық
мемлекеттік мекемесі

**ҚҰРЫЛЫМ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

26.06.2025 ж.

дата

Алматы қ.

Республиканское государственное
учреждение «Казахская
национальная консерватория имени
Курмангазы»

Министерства культуры и
информации
Республики Казахстан

**ПОЛОЖЕНИЕ
ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ**

№ ПП- 24-2025

г. Алматы

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігі «Құрманғазы
атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ
Ғылыми кеңес шешімімен
Төрағасы




Г. К. Тасбергенова

№ хаттама «8» ақпан 2025ж.

**ӘКІМШІЛІК-ШАРУАШЫЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ
ҒИМАРАТТАРДЫ ЭКСПЛУАТАЦИЯЛАУ БӨЛІМІ**

Дайындау:

Әкімшілік-шаруашылық инфрақұрылым және ғимараттарды эксплуатациялау бөлімінің басшысы		К. Маматбакиев	<u>26.06.25г.</u>
Келісілді:			
Ректор аппараты қызметінің басшысы		В. Сиротин	<u>26.06.25г.</u>
Ішкі аудит, стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жобалық офисінің басшысы		А. Сарымсакова	<u>26.06.25г.</u>
Compliance officer		Г. Джагупарова	<u>26.06.25г.</u>
Персоналмен жұмыс бөлімінің басшысы		Г. Карабалаева.	<u>26.06.25г.</u>
Заң секторының басшысы		Д. Мамедова	<u>26.06.25г.</u>
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. МІНДЕТТЕР	4
3. ҚЫЗМЕТТЕР.....	5
4. ҚҰҚЫҚТАР	5
5. ЖАУАПКЕРШІЛІК	5
6. ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕР	6
7. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ЕРЕЖЕСІ.....	6
8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	7
ТҮЗЕТУЛЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	8
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	9
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	10

Бөлімше Ережесі	Әкімшілік-шаруашылық инфрақұрылым және ғимараттарды эксплуатациялау бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	2 бет 10 тен

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қолданыстағы Ереже– Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы Республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Консерватория) құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Әкімшілік-шаруашылық инфрақұрылымы және ғимараттарды пайдалану бөлімі (бұдан әрі – ӘШИЖҒПБ) қызметіне қойылатын талаптарды айқындайды және белгілейді.

2. ӘШИЖҒПБ Консерватория ректорының бұйрығымен бекітілген ұйымдық құрылымына сәйкес құрылды.

3. ӘШИЖҒПБ қызметкерлері ректор аппараты қызметі жетекшісінің ұсынуы негізінде Консерватория ректорының бұйрығымен тағайындалады және қызметінен босатылады.

4. ӘШИЖҒПБ өз қызметінде келесі құжаттарды басшылыққа алады:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясы, ҚР заңдары мен нормативтік құқықтық актілері, ұлттық, ведомстволық және салалық стандарттар, жоғары тұрған органдардың талаптары;

2) 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (01.01.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен);

3) 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (15.03.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен);

4) 2022 жылғы 21 ақпандағы ҚР Төтенше жағдайлар министрінің №55 бұйрығымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігі қағидалары» (31.08.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен);

5) 2021 жылғы 5 тамыздағы ҚР Денсаулық сақтау министрінің №ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (25.09.2024 ж. өзгерістерімен);

6) 2015 жылғы 30 наурыздағы ҚР Энергетика министрінің №246 бұйрығы – «Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдаланудың қағидалары» (02.02.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен);

7) 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңы (01.04.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен);

8) 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңы (22.02.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен);

9) 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңы (15.03.2025 ж. өзгерістерімен);

10) 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №288-VI «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» ҚР Заңы (15.03.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен);

11) ISO (International Organization for Standardization) халықаралық стандарттары – сапа менеджменті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйелері және Консерваторияда енгізілген басқа да жүйелер;

Бөлімше Ережесі	Әкімшілік-шаруашылық инфрақұрылым және ғимараттарды эксплуатациялау бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	3 бет 10 тен

- 12) Консерваторияның қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар;
 - 13) Консерватория Жарғысы;
 - 14) Қолданыстағы Ереже.
5. Қолданыстағы Ереже ӘШИЖҒПБ-ның мәртебесін, ұйымдық құрылымын, жауапкершілігі мен өкілеттіктерін әкімшілік-құқықтық тұрғыда бекіту талаптарын белгілейді.
6. ӘШИЖҒПБ құрылымы мен штат санын Консерватория ректоры Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен келісу арқылы, басқару аппараты құрылымына және штаттық нормативтерге сәйкес, жұмыс көлемі мен Консерватория қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып бекітеді.
7. ӘШИЖҒПБ-ға басшылықты бөлім басшысы жүзеге асырады.
8. Бөлім басшысының лауазымдық міндеттері осы Ереже мен лауазымдық нұсқаулықтарда айқындалады.
9. Бөлім басшысын қызметке тағайындау және қызметтен босату Консерватория ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.
10. ӘШИЖҒПБ құрылымына келесі қызметкерлер кіреді: бөлім басшысы, бас инженер, жылу техникасы инженері, желдету инженері, механик, энергетик, телефон желісі шебері, электр инженері, жүргізуші, жұмысшы, сантехник, аула сыпырушы. Олардың лауазымдық міндеттері осы Ереже мен лауазымдық нұсқаулықтарда белгіленеді.
11. Бөлімнің штат бірліктерінің саны Консерваторияның штаттық кестесіне сәйкес айқындалады.
12. ӘШИЖҒПБ басшысын қызметке тағайындау және қызметтен босату ректор аппараты қызметі жетекшісінің ұсынуы негізінде ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады. Бөлім басшысы уақытша болмаған жағдайда (демалыс, еңбекке жарамсыздық) оның міндеттерін ректор аппараты жетекшісінің ұсынуы бойынша ректор бұйрығымен тағайындалған қызметкер атқарады.

2. МІНДЕТТЕР

13. ӘШИЖҒПБ ұйымның әкімшілік-шаруашылық және инженерлік-техникалық қызметін жүзеге асырады.
14. ӘШИЖҒПБ-ның міндеттері:
- 1) ғимараттарды сапалы пайдалану және қызмет көрсету шараларын жүзеге асыру арқылы Консерватория қызметкерлерінің жайлы еңбек ету жағдайын қамтамасыз ету;
 - 2) энергия үнемдеу және оны тиімді пайдалану бойынша шараларды әзірлеу және іске асыру;
 - 3) құрылымдық бөлімшелердің тиімді жұмысын қамтамасыз ету;
 - 4) ұйымның мақсаттарына сәйкес басқа да міндеттерді шешу;
 - 5) ISO стандарттарының талаптарына сәйкес өз процесі шеңберіндегі менеджмент жүйесіне мониторинг жүргізу және талдау жасап, нәтижелерін Консерватория басшылығына ұсыну;

Бөлімше Ережесі	Әкімшілік-шаруашылық инфрақұрылым және ғимараттарды эксплуатациялау бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	4 бет 10 тен

- 6) сапа менеджменті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және басқа да тиімді басқару жүйелері саласындағы басшылық саясатын жүзеге асыру;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы корпоративтік мәдениетті қалыптастыру;
- 8) Консерваторияда енгізілген сапа менеджменті жүйесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі және басқа да жүйелер шеңберінде ӘШИЖҒПБ қызметін жетілдіру мақсаттарына қол жеткізу.

3. ҚЫЗМЕТТЕР

15. Консерватория аумағында және оқу корпустарының ішінде тәртіпті бақылауды жүзеге асыру.
16. Консерватория ректорының шаруашылық инфрақұрылымы мен ғимараттарды пайдалану мәселелеріне қатысты тапсырмаларын орындау.
17. Консерватория бөлімшелерін жиһазбен, шаруашылық мүкәммалмен, инженерлік және басқарушылық еңбек құралдарымен қамтамасыз ету, олардың сақталуын және уақтылы жөндеуден өтуін бақылау.
18. Ғимараттар мен құрылыстардың техникалық жай-күйіне бақылау жасау, ақауларды анықтау және оларды уақтылы жоюды ұйымдастыру.
19. Барлық ғимараттар мен құрылыстардың тіршілікпен қамтамасыз ету жүйелеріне жоспарлы және жоспардан тыс техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу.
20. Ұйымның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес өзінің құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.
21. Консерваторияның шаруашылық қызметін сапалы және уақтылы ұйымдастыру.

4. ҚҰҚЫҚТАР

22. ӘШИЖҒП бөлімі өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін келесі құқықтарға ие:
 - 1) құрылымдық бөлімшелерден қажетті деректерді сұратуға;
 - 2) ұйымның барлық құрылымдық бөлімшелерінен бөлімнің міндеттерін орындауға қажетті ақпаратты талап етуге және алуға;
 - 3) Консерватория басшысымен келісуді қажет етпейтін, ӘШИЖҒП бөлімінің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша өз бетінше хат алмасу жүргізуге;
 - 4) ӘШИЖҒП бөлімінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен ұйым атынан өкілдік етуге;
 - 5) ӘШИЖҒП бөлімінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер, ұсынымдар және нұсқаулар беруге;
 - 6) ұйым ішінде өткізілетін жиналыстарды ұйымдастыруға және оларға қатысуға.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

23. Осы Ережемен ӘШИЖҒП бөліміне жүктелген міндеттер мен функцияларды сапалы әрі уақтылы орындау үшін толық жауапкершілік бөлім басшысына жүктеледі.

Бөлімше Ережесі	Әкімшілік-шаруашылық инфрақұрылым және ғимараттарды эксплуатациялау бөлімі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		5 бет 10 тен

24. ӘШИЖҒП бөлімінің басқа қызметкерлерінің жауапкершілік деңгейі лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.
25. ӘШИЖҒП бөлімінің қызметкерлері сапа менеджменті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі және ішкі нормативтік құжаттама талаптары шеңберінде бөлімге жүктелген процестер бойынша өз міндеттемелерін сақтауға жауапты.
26. Бөлім басшысы және бөлімнің өзге де қызметкерлері ресімдейтін құжаттардың дұрыс толтырылуына және олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне жеке жауапкершілік атқарады.
27. ӘШИЖҒП бөлімі барлық қызметкерлері кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау қағидалары мен нормаларын сақтауға міндетті.

6. ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕР

28. ӘШИЖҒП бөлімі Консерваторияны материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік сатып алулар секторы-мен өзара әрекеттеседі.
29. ӘШИЖҒП бөлімі азаматтық және еңбек заңнамасы негізінде еңбек тәртібі, еңбек шарттары мен еңбек кітапшаларын ресімдеу, жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату, марапаттау мәселелері бойынша кадрлар бөлімімен өзара әрекеттеседі.
30. ӘШИЖҒП бөлімі Консерваторияда енгізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі шеңберіндегі критерийлер бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық кеңеспен өзара әрекеттеседі.
31. ӘШИЖҒП бөлімі заңдық құжаттарды ресімдеу мәселелері бойынша заң секторы-мен өзара әрекеттеседі.
32. ӘШИЖҒП бөлімі Консерваторияны ұстауға арналған шығындар және қызметкерлердің еңбекақысы мәселелері бойынша қаржы-экономика қызметімен өзара әрекеттеседі.
33. ӘШИЖҒП бөлімі жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін мердігер ұйымдармен өзара әрекеттеседі.

7. ТҮЗЕТУЛЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

34. Осы Ережеге өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстар ӘШИЖҒП бөлімінің басшысы тарапынан енгізіледі және ректор аппараты қызметінің жетекшісімен келісіліп жүзеге асырылады.
35. Ережеге өзгерістер енгізу тек ректордың бұйрығы негізінде, бөлім басшысының қызметтік хатына және ректор аппараты қызметінің жетекшісімен келісілген жағдайда ғана жүзеге асырылады.
36. Ережеге өзгерістер енгізу Сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) талаптарына сәйкес, міндетті түрде «Өзгерістерді тіркеу парағына» белгі қою арқылы жүргізіледі.

Бөлімше Ережесі	Әкімшілік-шаруашылық инфрақұрылым және ғимараттарды эксплуатациялау бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	6 бет 10 тен

37. Ереженің түпнұсқасы кадрлар бөлімінде сақталады, ал көшірмесі ӘШИЖҒП бөлімінің істер номенклатурасына тігіледі.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

38. ӘШИЖҒП бөлімі келесі жағдайларда өз қызметін тоқтатады:

- 1) Консерватория ректорының тиісті бұйрығы болған жағдайда;
- 2) уәкілетті органның заңнамалық шешімі негізінде.

39. Қолданыстағы Ереже Консерватория басшылығы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

40. Қолданыстағы Ереже — Консерваторияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады. Консерватория басшылығының жазбаша рұқсатынсыз осы құжатты толық немесе ішінара көшіруге, таратуға және беруге жол берілмейді.

41. Қолданыстағы құжаттың мазмұны, оны қарау, тарату, сақтау, қайта қарау және қайта басып шығару «Құжатталған ақпаратты басқару» рәсіміне сәйкес жүзеге асырылады.

42. Қолданыстағы құжаттың электрондық нұсқасы сыртқы тараптарға немесе қадағалаушы органдарға тек көшірмелеуден қорғалған форматта ғана ұсынылуы мүмкін.

Бөлімше Ережесі	Әкімшілік-шаруашылық инфрақұрылым және ғимараттарды эксплуатациялау бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	7 бет 10 тен

ТҮЗЕТУЛЕРДІ ЕНГІЗУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Бөлімше Ережесі	Әкімшілік-шаруашылық инфрақұрылым және ғимараттарды эксплуатациялау бөлімі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		8 бет 10 тен

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ п/п	Құжатпен танысқан тұлғаның аты-жөні	Лауазымы	Қолы	Күні
1	2	3	4	5
1	Маматбакиев К. С.	Бөлім басшысы		
2	Аукалиев Н. К.	Бас инженер		
3	Аюпов Я. Н.	Жүргізуші		
4	Абдрахманов Р.Т	Аула сыпырушы		
5	Азимбаев К. Ж.	Жұмысшы		
6	Әділжанов А. Ғ.	Жұмысшы		
7	Бекмухамбетов Б. С.	Жұмысшы		
8	Джумагулов С. Г.	Механик		
9	Есимбеков А. М.	Сантехник		
10	Кенжиев Т. Т.	Энергетик		
11	Киркимбаев К. М.	Жұмысшы		
12	Киркимбаев М. К.	Жұмысшы		
13	Кумарғалиев К. Т.	Жұмысшы		
14	Ратанов А. Ж.	Жұмысшы-сантехник		
15	Мырқасымбаев Д. А.	Аула сыпырушы		
16	Сейтказиев К. Т.	Аула сыпырушы		
17	Тажимуратов Ж. С.	Жұмысшы-сантехник		
18	Юсибов Ш. Р.	Телефон желісінің шебері		

Бөлімше Ережесі	Әкімшілік-шаруашылық инфрақұрылым және ғимараттарды эксплуатациялау бөлімі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		9 бет 10 тен

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Бөлімше Ережесі	Әкімшілік-шаруашылық инфрақұрылым және ғимараттарды эксплуатациялау бөлімі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 бет 10 тен